ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН – БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Яссауи университеті

a.yassaui@mail.ru УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ №10 (456), 31 мамыр 2018 жыл

ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ АККРЕДИТТЕУ ПРОЦЕДУРАСЫ АЯҚТАЛДЫ 02

ТАРИХИ ТУРИЗМ МЕКЕНІ – ТҮРКІСТАН 02

БАСПАХАНА – ӨНІМ ӨНДІРЕТІН ФАБРИКА 04

МАҚСАТЫМ – ТҮРКІСТАНДЫ ТАНЫТУ 05

## БРИФ-ХАБАР

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ КҮНІ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Самарқанд қаласындағы білім көрмесіне еліміздің 15-ке жуық жоғары оқу орындары қатысты. Самарқанд Мемлекеттік шет тілдер институты арасындағы халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізілді.

» 02

### ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ АТАП ӨТІЛДІ

Әзірбайжан Республикасының құрылғанына 100 жыл толды. Осыған орай университетімізде салтанатты кеш өтті. Түбі бір түркі дүниесінің өрендерін жинаған оқу ордамызда Әзірбайжан Республикасынан келген 50 студент білім алуда.

» 02

### «АЛТАЙ ЖАСТАРЫ» ТЕЛЕ-РАДИОСТУДИЯСЫ АШЫЛДЫ

Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында университет ректоры Мұхтар Төлегеннің бастамасымен жас журналистерге арнап түсірілім алаңы мен дыбыс жазу студиясы ашылды.

Телестудия журналистика мамандығында оқып жүрген студенттердің шеберлігін шыңдау үшін ашылып отыр.

» 03

### БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТЕТІН КҮН

Бұл күні ұлт зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Іляс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Санжар Асфендияров, Темірбек Жүргенов, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтардың есімдері халық жадында. Ардақты Алаш арыстары Сәкен Сейфуллин, Жұмат Шанин, Санжар Асфендияров, Темірбек Жүргенов, Тұрар Рысқұловтың тағы да басқа азаматтардың әйелдері жұбайларына жабылған жаладан жапа шегеді.

Ата-бабаларымыз талай қиын-қыстау заманды бастан өткерді. Өткенге салауат! Дегенмен де өткенімізді бір сәт те болса есімізден шығармасақ игі.

» 08

## ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

**Сенат залында Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Н.Ажихановтың төрағалығымен кезекті №10 Оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжіліске Оқу-әдістемелік кеңес (ОӘК) мүшелері мен күн тәртібіне қатысы бар бөлім қызметкерлері қатысты.**



Жиналыста әлеуметтік ғылымдар факультетінің жаңа деканы, профессор Ефтал Шукру Батмаз ОӘК мүшелеріне ресми түрде таныстырылды. Мәжіліс барысында күн тәртібіне сәйкес мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды. Сонымен қатар вице-президент Н.Ажиханов Орта Азия жоғары оқу орындары біздің университетімізбен бірлесіп қос диплом беру, ПОҚ алмасу, білім берушілердің академиялық ұтқырлығын дамытуға үлкен қызығушылығын білдіріп, тиісті келісімшарттарға қол қоюды жоспарлап отырғанын ерекше айтып кетті. Сонымен қатар «2017-2018 оқы жылында Түркияның алдыңғы қатардағы ЖОО-лардан «визитинг-профессор» бағдарламасы бойынша ХҚТУ-да 27 профессор дәріс оқыды, ал біздің университеттен Түркияға барып 83 профессор сабақ берді. 2016-2017 оқу жылында Түркиядан сабақ беруге 84 профессор келді, ал бізден ол жаққа 8 профессор дәріс беріп қайтты» – деп сөзін жалғастырды. Тағы да ерекше айтылып кеткен жетістігіміз – биыл әлем университеттерінің Webometrics Ranking of World Universities (Ranking Web of Universities) рейтингісінде оқу ордамыз 92-ші орыннан 50-ші орынға көтерілгені туралы хабарлады. Осыған қоса, Erasmus+ бағдарламасы бойынша әр факультетке екі ғылыми жобасын және Түркиядағы серіктес ЖОО-мен 2-3 мамандықтар бойынша қос диплом жүйесін 2018-2019 оқу жылында енгізуге тапсырмалар берілді.

**М.МЫРЗАХМЕТОВ,**
**Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары**

## «АЛТЫН ТАМЫР» ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАР ФОРУМЫ

**Таяуда Ғылыми кітапхананың конференц-залында «Қазақ филологиясы» кафедрасының және «С.Ерубаев атындағы әдеби клубтың» ұйымдастыруымен «Алтын тамыр» дәстүрлі шығармашыл жастар форумы өтті.**



Форум шымылдығы «Қазақ филологиясы» кафедрасын, мамандықты жан-жақты жарнамалаған таныстырылым бейнероликімен басталды.

Шара мақсаты – университет студенттерімен мектеп оқушылары арасында шығармашылық байланыс орнату, университетті таныстыру. Форумға студенттер, Түркістан қаласы, Ордабасы ауданы және тағы да басқа алыс-жақын аудандардың 9,10,11-сынып оқушылары мен мұғалімдері қатысты.

Түркістан қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы Ж.Құлбайымбетов, Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Есентаева, Мәдениет орталығының директоры Ж.Досболов, шара ұйымдастырушысы, «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті Ә.Толысбаева сөз сөйлеп, жастарға тәлім-тәрбиелік маңызы зор, тағылымды әңгімелер айтты.

Сондай-ақ, оқу орданың талантты түлектері Б. Сенбеков, А.Мұхтарұлы, Ә. Бимурзаева ән айтып, өлең оқыды.

Әдеби клубтың мүшелері де белсенді атсалысып, өнерпаз жастар шағын концерттік бағдарлама қойды.

Шара соңында «Жастар орталығының» басшысы А.Лескенов барлық қатысушыларға алғыс хат табыстады.

**Ақпарат орталығы**

# АҚПАРАТ / ХАБАР

## ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ АККРЕДИТТЕУ ПРОЦЕДУРАСЫ АЯҚТАЛДЫ

**Таяуда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігімен (АРТА) жасалған келісімшарт (18/148 20.02.2018 ж.) негізінде институционалды аккредиттеу процедурасы жүргізілді.**



Университетімізде институционалды аккредиттеу талаптары аясында 12 стандарт бойынша өзіндік бағалау есебі дайындалып, аккредиттеу процедурасының мерзімі және шарттары туралы аккредиттеу агенттігімен келіссөз жүргізіліп тұрған болатын. АРТА агенттігі тарапынан өзіндік бағалау есебіне алғашқы талдау және бағалау жүргізіліп, онда көрсетілген ескертулер, ұсыныстар мен кемшіліктер толығымен түзетілді.

Сыртқы сараптау комиссиясының сыртқы бағалау жұмысы 2018 жылы 10-12 мамыр аралығында аккредиттеу үдерісін тиімді өткізу және өзін-өзі бағалау есептерінде көрсетілген деректердің нақтылығын бағалау үшін агенттік тарапынан келген 1 халықаралық аккредиттеу органының мүшесі, еліміздің жоғары оқу орындарының, жұмыс беруші мекемелердің, студенттік жастар ұйымының өкілдері — барлығы 7 сарапшымен (комиссия төрағасы Қ.Шүңкеев, халықаралық сарапшы Ерика Ваигиниене, сарапшылар Ә.Масалимова, Г. Төртқараева, жұмыс берушілер өкілі А.Әбдіқадырова студенттер өкілі Д. Әлжан агенттік байқаушысы Т. Канапьянов ұйымдастырылды.

Университетте Аккредитация және рейтинг орталығының ұйымдастыруымен өткен сыртқы сарапшылар тобының 3 күндік жұмыс бағдарламасы: жоғары басшылықпен кездесу, университетпен танысу, вице-президенттермен жеке-жеке сұхбат, оқытушы-профессорлар құрамымен сұхбаттар, декандар, әкімшілік-басқару аппаратының басшыларымен сұхбат, студенттермен (факультеттер бойынша) сұхбаттар, бітірушілермен және жұмыс берушілермен сұхбаттар, жекелеген кафедралармен кездесу және дәрістерге қатысу, жатақхана, кітапхана, медициналық қызметпен танысу, сауалнамалар жүргізу және қорытындылау нұсқасында жүргізілді.

Аккредиттеу барысында оның миссиясы, мақсаттары мен міндеттері, қызметті жоспарлау мен оның тиімділігі, басшылық және менеджмент, білім беру бағдарламаларының сапасы, оқытушы-профессорлық құрам және оқытудың нәтижелілігі, студенттердің білім деңгейі, ЖОО-ның ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі, материалдық-техникалық базаның, кітапхана мен ақпараттық ресурстардың қазіргі білім беру стандарттарына сәйкес келуі толық бағаланды.

Ендігі кезек — Астана қаласында өтетін Аккредиттеу кеңесінде университетіміз туралы институционалды аккредиттеудің шешімін күту болмақ.

**Аккредитация және рейтинг орталығы**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ КҮНІ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

**18-20 мамыр аралығында Қазақстан Республикасының Халықаралық бағдарламалар орталығының ұйымдастыруымен Өзбекстан мемлекеті Самарқанд Мемлекеттік шет тілдер институтында «Қазақстанның білім күні жәрмеңкесі» ұйымдастырылды. Самарқанд қаласындағы білім көрмесіне еліміздің 15-ке жуық жоғары оқу орындары қатысты.**

Көрмеге университетіміздің Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президенті Н.Ажиханов пен Академиялық ұтқырлық бөлімінің басшысы Ф.Дадажанов қатысты.

Сонымен қатар, 19 мамыр күні Самарқанд Мемлекеттік шет тілдер институтының ректоры И.Тухтасиновпен кездесу өтті. Кездесу барысында ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау үшін оқу-әдістемелік, онлайн курстарды ұйымдастыру, академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша ОПҚ және студент алмасу, біріккен ғылыми конференциялармен, инновациялармен алмасу сұрақтары талқыланды.

Самарқанд Мемлекеттік шет тілдер институты арасындағы халықаралық ынтымақтастыққа кол жеткізілді.

Сонымен бірге, Мухаммед Аль-Хорезми атындағы Ташкент ақпараттық технологиялар университетімен ұтқырлық бағдарламалары бойынша ОПҚ және студент алмасу мақсатында меморандум жасалды.

**Академиялық ұтқырлық бөлімі**

## ТАРИХИ ТУРИЗМ МЕКЕНІ – ТҮРКІСТАН

**Жуырда Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Менеджмент және туризм кафедрасының ұйымдастыруымен Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында облыстық деңгейдегі «Тарихи туризм мекені – Түркістан» атты туризм форумы өтті.**

Туристік форумның мақсаты: Қазақстанның ішкі туризмін дамыту мақсатында қаланың туристік әлеуетін жоғарылату, туризм саласына инвестицияларды тарту және туризмді дамыту бағытында жергілікті және облыстық деңгейлерде атқарылып жатқан шаралар жөнінде ақпараттық түсіндірме жұмыстармен танысу болып табылады.

Туристік форумда Түркістан қаласының Кәсіпкерлік және туризм бөлімінің басшысы Гүлжамал Даханова, Оңтүстік Қазақстан облысының туризм және сыртқы байланыстар басқарма басшысының м.а Жанар Махажанова, университетіміздің Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі Нұржан Абишов және Менеджмент және туризм кафедрасының доценті Ибрагим Баташтың баяндамалары тыңдалып, көптеген өзекті мәселелер талқыланды.

Сондай-ақ Сайрам, Сарыағаш, Қазығұрт, Шардара, Отырар, Кентау қалаларының Кәсіпкерлік және туризм бөлім басшылары мен Түркістан қаласына туристерді тартумен айналысатын туристік фирма басшылары да қатысып өз ойларын бөліскен облыстық деңгейдегі іс-шара болды.

Қазақстанның рухани туризмінің інжу-маржаны саналатын Түркістан қаласы еліміздің туристік брендіне айналуға үлкен мүмкіндігі бар екендігі сөзсіз.

## ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ АТАП ӨТІЛДІ

**18 мамыр күні Әзірбайжан Республикасының құрылғанына 100 жыл толды. Осыған орай университетімізде салтанатты кеш өтті.**

Түбі бір түркі дүниесінің өрендерін жинаған оқу ордамызда Әзірбайжан Республикасынан келген 50 студент білім алуда.

Ректор уәкілі М.Куталмыш пен проректор Б.Мұхамеджанов құттықтау сөз сөйледі. Салтанатты шара барысында Әзірбайжан Республикасы жайлы бейнеролик көрсетілді. Әзірбайжандық студенттер атынан Халықаралық қатынастар мамандығының 3-курс студенті Руслан Досталин баяндама жасады.

Сондай-ақ, кеш концерттік бағдарламаға ұласты.

## КЛАССИКАЛЫҚ ӘН ӨНЕРІ ФЕСТИВАЛІ

**ҚР Халық әртісі, профессор Рахима Төлегенқызының 75 жас мерейтойына орай ұйымдастырылған І Халықаралық классикалық ән өнері фестивалі өтті.**



Фестивальдің мақсаты — өнерлі жастарымыздың шығармашылық қабілеттерін, талантарын айқындау және дамыту; рухани әлеуетін көтеру мен орындаушыларға қолдау көрсету; классикалық өнердің маңызын арттыру және жас таланттарды таныту.

Тәрбие және мәдени істер департаментінің ұйымдастыруымен алғаш рет университетте классикалық әуендер жарысы өтті. Фестивальге еліміздің және түркі елдерінен келген 15-ке жуық үміткер қатысты. Сайыс үш кезең, кең көлемді көне ария (старинная ария), халық әні, еркін таңдауда әуендер шырқалып, әлемдік композиторларының туындылары орындалды. Күміс көмей әншілер опералық туындыларды керемет орындады.

Рахима Жұбатырованың басқаруымен қазылардың шешімі бойынша жеңімпаздар анықталды. Бас жүлдені Мадина Оразбай (Алматы қаласы), І орынды Қуаныш Жантұрған (Ақтау қаласы), Мұрат Молдакерім (Шымкент қаласы), Әмір Сейдулла (Түркістан қаласы), ІІ орынды Гүлжазира Жолдасбаева (Алматы қаласы), Леонид Рукавишников (Қырғыстан, Бишкек), Мария Медетова Алматы қаласы), ІІІ орынды Райымбек Бақытұлы (Түркістан қаласы), Қарлығаш Алтыбай (Түркістан қаласы), Дана Исаева (Түркістан қаласы), Жанарыс Исахан (Түркістан қаласы) иеленді.

Жеңімпаз иелері сый-сияпат пен дипломмен марапатталды. Сонымен қатар университет басшылары, ҚР Халық әртісі, профессор Рахима Төлегенқызын 75 жасқа толуымен құттықтап, сыйлықтар табыстады. Фестиваль соңында Шымкент қаласының опера және балет театрының солистері ән шырқап өнерлерін көрсетті.

**Ақпарат орталығы**

# ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУДАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

**Жақында Шымкент қаласында «Жібек жолы айшықтары» ұлттық киім дизайнерлері көрме байқауы болып өтті. Аталмыш сайысқа университетіміздің Мәдениет орталығының дизайнері, дефиле маманы Айшат Қалабаева қатысқан болатын. Сайыс нәтижесінде ІІ орынға ие болды.**



Байқаудың ұйымдастырушысы – ОҚО Мәденит және тілдерді дамыту бағдарламасымен «Көрме орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Бұл байқау осымен бесінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Көрмеге 40-тан астам дизайнерлер өз туындыларын әкелген.

Байқаудың мақсаты – қазақи нақышта заманауи киім кию үлгісін жаңғырту. Сонымен қатар қазіргі заман талабын ескере отырып, сән әлеміне ұлттық киім үлгілерімен ықпал ету болмақ.

Қатысушылар «Ең үздік күнделікті киім кию үлгісі», «Ең үздік жұмыс киім үлгісі», «Ең үздік жас жұбайлар киім үлгісі», «Ең үздік жасөспірімдер киім үлгісі» бойынша жарысқа түсті.

Кеш барысында ұлттық ою-өрнекпен әрленген туындылардың арасында көрермен көңіліне қонғандары жетерлік. Кеш соңында жаңа стильде, ұлттық нақышта тігілген киім үлгілеріне сұраныс артқан.

Байқау соңында барлық қатысушыларға сертификаттар тапсырылды. Қазылар алқасының шешімімен «Гран-при» номинациясы бойынша 1-2-3-орындар анықталып, сондай-ақ жеңімпаздар дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Айшат Балтабайқызының университеттің Мәдениет орталығында сән әлеміндегі жұмысын бастағанына биыл – 5 жыл. Қолынан өнер тамған Айшат бұдан бұрын да ұлттық киімнің үздік үлгілерін көрсете білгені үшін жүлделі орындарды иеленіп, диплом, сертификаттармен марапатталды. Студент кезінен бері байқауға қатысып, жүлделі орындардан көрініп келген. Бұл жолғы байқауға күнделікті киім үлгілерін жаңа этно стильде әкелген. Айшат: «Ең үздік күнделікті киім үлгісі» номинациясы бойынша сынға түстім. Байқауға қатысқан әрбір автордың киім үлгісінен қазақилықтың исі аңқып тұр», – дейді. Біз де Айшатқа өнерің өрге жүзсін дейміз.

**Жадыра ҚОЖАХМЕТ**

***Өзге оқу орындарында**

### ШҚМУ-ДА «АЛТАЙ ЖАСТАРЫ» ТЕЛЕРАДИОСТУДИЯСЫ АШЫЛДЫ

**С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-да журналистика мамандығының ашылғанына 20 жыл толып отыр. Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында университет ректоры Мұхтар Төлегеннің бастамасымен жас журналистерге арнап түсірілім алаңы мен дыбыс жазу студиясы ашылды.**

Телестудия журналистика мамандығында оқып жүрген студенттердің шеберлігін шыңдау үшін ашылып отыр.

– Кешенде түсірілім алаңы, дыбыс жазу студиясы бар. Осы жерде студенттер хабар дайындап, сұхбат жүргізіп, оны университет ғимараттарына таратады. Хабар тарату аумағына оқу орнының барлық ғимараттары енеді, – деді университет ректоры Мұхтар Төлеген.

Шараға абайтанушы Мекемтас Мырзахметов, «Қазақстан» РТРК» АҚ ҰТА директоры Еркін Таңатқанұлы, сала ардагерлері Нұртілеу Иманғали мен Кеңес Әденов қатысты.

– Бастама қуантып отыр. Ресейде 147 телеарна, соларға маман даярлайтын ұстаханалар бар. Өкінішке орай, бұл іс бізде кенже қалған. Сол олқылықтың орнын Шығыс толтырмақшы. Бұл өңірдегі журналистиканың дамуына септігін тигізеді, – деді Нұртілеу Иманғали.

**Оразай ЖЕҢІСҰЛЫ**

### МЕХАНИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОКТОРАНТТАРЫ АЭХА ГРАНТЫН ҰТЫП АЛДЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультеті механика кафедрасының 3-курс докторанттары Данияр Айжулов пен Мақсат Құрмансейіт Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) гранттарын ұтып алды.**

Әр докторантқа берілген грант мөлшері 1300 еврոны құрайды. Бұл гранттар маусым айының 25-29 аралығында Австрияның Вена қаласында өтетін «International Symposium on Uranium Raw Material for the Nuclear Fuel Cycle: Exploration, Mining, Production, Supply and Demand» халықаралық симпозиумына докторанттардың қатысуы үшін берілді. Аталған форумда докторанттар «Stochastic modelling of uranium roll-front deposits based on streamline simulation» тақырыбында баяндама жасайды деп күтілуде.

### ШҚМУ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУДА

**С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың Ғылыми кітапханасы «Жоғары мектептегі инклюзивті білім беру: жағдайы және даму келешегі» аймақтық ғылыми-әдістемелік семинарына қатысты.**

Кітапхана қоры білім беру бағдарламаларына сай арнайы ақпарат тасығыштармен, мәселен «сөйлейтін кітаптармен» жабдықталуда.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін әдебиеттер қоры жинақталып жатыр. Электронды ресурстарды қашықтықтан қолдану мүмкіндігі де ұсынылуда.

Кітапханада аталмыш санаттағы пайдаланушылар үшін жеке консультациялар жүргізіледі.

## Bozkır Coğrafyasındaki Türk Yurdunun kalbı Türkistan

Tarihin neresine giderseniz gidin, yön vermiş uygarlıkları, etkisi devam eden medeniyetleri araştırırken Türkler'den muhakkak bir iz bulursunuz. Dünyayı saran, sevgiyle, hoşgörüyle harmanlanmış yalnızca Kafkasya'dan Anadolu'ya uzanan bir yolculuk değildir bu. Türkler, sahip oldukları değerler ve yaşayışlarıyla, diğer kültürlerin şekillenmesinde de oldukça büyük rol oynamıştır.

Medeniyet olmanın benzersiz bir şartı da bul olsa gerek. Örnek olup etkileyip benzer olmamak. Bu eşsiz medeniyetin beşiği, çıkış yeri, Türk-İslam coğrafyası, Ahmet Yesevi dergahı, öz yurt Türkistan'dır. Aramızdaki bütünlüğü vurgulamak için, kan bağı, din bağı, kök bağı adına ne derseniz deyin Türkistan coğrafyasıyla Anadolu, aynı ağacın dalları, bir vücudun farklı damarlarıdır.

Mesafeden ziyade ait oldukları ana kaynak aynıdır.

Bizden daha çok biz olan yerdir Türkistan.

Özbekler, Uygurlar ve Tatarların yanı sıra Sovyet döneminde rejim olarak tehlikeli halklar olarak adlandırılmış olan ana vatanlarından sürülen Karaçay, Balkar, Azeri, Ahıska Türkleri gibi çeşitli Türk boylarının hikayesine de ev sahipliği yapmıştır ata yurdumuz. Diğer örneklere istinaden bu güzel coğrafyanın da en nadide yerlerinden biri ise Kazakistan'dır.

Öğrenci olmam sebebiyle bulunduğum, tanıdıkça sevdiğim , gönlümde ve düşüncelerimde önemli bir yer eden Kazakistan'ın, gelenek ve göreneklerine yansıyan hayat tarzlarını ve bozkır coğrafyasının bilinmesi gerekenlerini sizlerle paylaşmaya çalışacağım.

Açıkçası, bir ülkeyi görmeden anlatmak ne kadar güçse de, daha zor olanı içinde yaşayarak, kendini oraya ait görerek objektif bir şekilde yansıtmaktır. Duyguları ikinci plana atıp nesnel bir gözle değerlendirebilirsek, zenginliğimiz olan farklılıklarımızı ve en önemlisi eksikliklerimizi daha iyi görürüz.

Tüm dünyada olduğu gibi bu coğrafyada da savaşlar barışlar ve bunun yanında ticaretler olmuştur. İnsanlık tarihinde olması gereken ne varsa yaşanmış ve günümüzde de hala yaşanmaktadır. Ama önemli olan sonunu sukunete bağlamaktır. Kazakistan da bunu bir nevi başarmış ve yakın tarihte başından geçmiş olan büyük savaşlara rağmen mücadeleler vermiş milli kimliklerini korumayı başarmıştır.

Öncelikle "Kazak" isminin manasından bahsedecek olursak 1465 yılında Altın Orda'nın sağ kanadı olan Ak Orda'nın yerine kurulan Kazak Hanlığından geldiğini söyleyebiliriz . Hepimizin bildiği gibi Türkler uzun zamanlar yerleşik hayat yerine konargöçerliği tercih etmiş, coğrafya olarak bozkırda yaşamlarını sürdürmüşlerdir. " Kazak Türkleri arasında da bahsedilen yaşam tarzı hala devam etmekte ve boy yapılanması bulunmaktadır. Ve bu boylar mılattan önceki Hun Saka devrine kadar uzanmaktadır.

Bugünkü Kazakistan'ın coğrafi konumuna bakacak olursak, kuzeyde Rusya'yla (7 bin km'lik sınır), doğuda Çin'le, batıda Hazar Denizi'yle, güneyde Türkmenistan, Özbekistan ve Kırgızistan devletleriyle sınırları bulunmaktadır. Anlaşılacağı üzere Türkiye'yi esas alacak olursak toprak olarak kat kat büyük olan bu güzel ülkede birden fazla milletin yaşaması takdireşayan. Yıllar önce bu coğrafyanın yetiştirdiği birçok alim bu topraklarda İslamiyeti yaymak adına hizmet etmiş ve bu insanların etkileri günümüze kadar yansımıştır. Coğrafya insanlarını etkileyen bu alimlerden kısaca sırayla bahsetmek isterim. Hoca Ahmed Yesevi, Şeyh Mahmut Ata, Karaşaş Ana, İbrahim Ata, Gevher Şehnaz, Arslan Baba, Beydibek Sahan Ata, Evliya Ata, Mirali Baba, Safi Muhammed Danişmend Zernuki, Hoca İshak B. İsmail Ata, Yunus Ata... Bunları okurken tarihin ne derece önemli olduğunu, anlaşılması gerektiğini ve sizdeki yerini de kendinize sormanızı tavsiye ederim. Çünkü belli bir vakitten bahsederken dahi geçmişi yokluyoruz yani tarihe bakıyoruz. Kazakistandaki tarih de çok eski ama unutulmamış bir tarih olduğundan bunun değerini anlamamızı yukarda az önce saydığımız ve adından bahsetmediğimiz nice büyük zatlara borçluyuz. Biz diğer Türk asıllı devletler kadar şanslı olmasakta aradaki mesafeyi gözümüzde büyütmeden Türkün beşiği olarak adlandırdığımız Türkistanı, tarihi sırları olan ve en eski izleri kendinde halen taşıyan bizi geçmişe ister istemez sürükleyen bir yer olarak daha çok merak etmeliyiz.

Türkistanda tarih kokan yerlerden manevi değere sahip yöre halkının Kesene mescit olarak adlandırdığı Hoca Ahmet Yesevinin Türbesi önemli ziyaretgahlardandır. Kendinizi kaybedeceğiniz bir görüntüye sahip olan yüzyılların hakkını veren bu yapıt bizim için de büyük manevi bir değere sahiptir.

Adından da anlaşılacağı üzere Hoca Ahmet Yesevi İslamiyeti Türklere sevdirmeyi ve yaymayı amaçlayan ilk büyük Türk Mutasavvıfı ünvanı ile tarihe ve akla kazınmış değerli bir şahsiyettir. En büyük eseri olan ve dönemin bilim dili Arapça ve Farsçaya rağmen Türkçe olarak kaleme aldığı Divan-ı Hikmet ile Türk topluluklarına dini ve tasavufu öğretmeyi amaçlamıştır.

Bozkır medeniyetlerinde görülen kendine özgü kültür yapısını kaybetmeden gelenek ve göreneklerini yaşatmaya çalışan bir toplum olarak Türkistan halkı, kendi benliğini milli kimliğini korumuş ve gün geçtikçe her yönden büyümeye devam etmiştir. Türk soylu birçok halkın birlikte yaşadığı Türkistan coğrafyasında kardeşlik ve barış içerisinde yaşamak adına atalarından kendilerine miras kalan bir ve beraber olma inancı ile yapılan bütün çalışmalar gelecekteki evlatlarımıza örnek olacaktır. Cümlenin bittiği yerdeyiz ki tarih her millet için geriye dönüp ders çıkarmak adına önemli ve değerlidir.

**Dilhan DÜNDAR,**
**İşletme Bölümü öğrencisi**

## ҚҰРЫЛЫМ ҚУАТЫ

# БАСПАХАНА – ӨНІМ ӨНДІРЕТІН ФАБРИКА

**«Тұран» баспаханасы 2003 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Оқу процесіне қатысты оқулықтар, журнал, кітаптар, студенттік билет пен сынақ кітапшасы, баннерлер, блакнот, күнтізбеге дейін осында басып шығарылады. Баспахананы өнім өндірумен айнылысатын фабрика десек те болатындай. Оқу ордамыздағы баспахананың тыныстіршілігімен танысып қайтқан едік.**





– **Баспаханада атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып өтсеңіз?**

– **Өмір Селви, «Тұран» баспаханасының басшысы:**

– Тұран баспаханасының негізгі міндеттері: университетіміздің ректораты тарапынан, баспа редакциясы, университетке қарасты институттарға оқу процесіне қажетті іс-құжаттар, кітап-журналдар, т.б. басылымдарды басу.

Баспа ісі бойынша – кітаптар, журналдар, шақырулар, брошюралар, визиткалар, афишалар, күн тізбелер, құттықтаулар, қатты мұқаба жасау қызмет түрлерін көрсетеміз. Баспахана бөлімінде басылатын кітап-журнал міндетті түрде баспа комиссиясының шешімі арқылы университет ректоры атынан берілген рұқсат қағазы болған жағдайда басылады. Ал ақылы түрде басылатын жұмыстар арнайы келісімшарт толтырылған жағдайда басылымға қабылданады.

Қызметкерлердің шеберліктерін арттыру мақсатында баспа ісі жөніндегі форум, көрме, конференцияларға баспахана мамандарының қатысуын қамтамасыз етудеміз. Күннен-күнге дамып келе жатқан баспа ісі санатынан хабардар болу, жаңадан шыққан баспа аппараттарының, күнделікті қолданудағы машиналардың мүмкіншіліктерін үйрену үшін жылына бір рет шеберліктерін жаңартып, толықтыру үшін тәжірибе алмастыруға жіберіп тұрамыз. Жақында қызметкерлеріміз И.Назымханов және М.Абдуллаев Түркия Республикасына барып өз шеберліктерін арттырып қайтты.

– **Өзіңіз баспахана ісімен қашаннан айналысасыз? Аппараттар бұзылып қалған жағдайда өзіңіз жөндейді деп естідік.**

– Мен 7-ші сыныпта оқып жүріп, баспаханада жұмыс істедім. Баспаханада жұмыс істейтін ағама көмектесуге барып жүріп, осы баспа ісіне деген қызығушылығым артты. Айтып отырғаныңыздай бұзылған аппараттарды жөндейтінім рас. Полиграфия бойынша Түркияда білім алдым. Баспа аппараттарын жинап-шашу, құрастырушы мамамынын. Түркия мен Германияда осы сала бойынша жұмыс жасадым. Негізі Қазақстанда баспа ісі кенже дамыған сала. Мамандар өте аз. Біздің мамандарымыздың он жылдан аса тәжірибелері бар, шеберлер. Үлкен қалаларға барса, жоғары жалақымен жұмысқа қабылданады деп ойлаймын.

– **Аппараттарыңыздың мүмкіндіктері қай дәрежеде? Баспахана ісінде шешімін таппай жатқан мәселелеріңіз бар ма?**

– Қолданыстағы 1985-90 жылдар аралығында шығарылған аппараттар. Техника ескі болған соң бұларға сәйкес бөлшектердің де табылуы қиындық тудыруда. Қазіргі таңда елімізде өндіріліп отырған материалдардың көбі жаңа баспа машиналарына арналып шығарылуда. Қолданатын материалдардың сапасы, уақытылы жеткізілмеуі тұрғысынан заттармен қамтамасыз ету бөлімдермен арада мәселелер туындап жатады. Басшылыққа аппараттарды жаңарту мәселесін көтеріп ұсыныс тастадық. Жақын арада шешімін тауып қалар деп үміттеніп отырмыз.

– **Газет басылымдарын басып шығарасыздар ма?**

– Газетті басатын арнайы аппарат болады және қағазында да айырмашылық бар. Кітап кесілген, газет оралған қағаздардан басып шығарылады. Ал біздің аппараттарымыз кітап басуға арналған. Газетті басуға болады, бірақ бағасы қымбатқа түседі.

**Жанар Төлегенова, монтаж маманы:**

– Баспахана жұмыстары үш түрлі өндірістік бөлімдер арқылы атқарылады. Біз, дизайн және басуға даярлау бөлімшесі басылымға дейінгі жұмыстарды атқарамыз. Дизайнерлер шығарылатын өнімнің дизайнын жасап 4 түрлі түске бөліп береді. Пленкадан шыққан өнімнің монтажын мен жасаймын. Ризограф маманы Манат Тәтенова көбейту аппаратымен дайын өнімнің даналарын көбейтеді. Дизайн бөлімі: монтаж столы «Тек Мак», AGFA түс айыру аппараты, қалыпқа түсіру аппарат, қалып өңдеу аппараты, компьютерлер және түрлітүсті принтерлермен, көбейту аппараттарымен жабдықталған.

**Дастан Ахмет, бас офсет маманы:**

– Негізгі жұмыстар осы офсеттік бөлімде атқарылады. Әртүрлі көлемді баспа жұмыстарын атқаратын аппараттармен жұмыс жасалады. Атап айтсам:

Негізгі бөлім жұмыстары;

Офсеттік аппараттармен басу «HEIDELBERG -Германия»

«Гейдельберг» офсеттік басу аппараты 70х100 көлемде

«Роланд Рекорд» офсеттік аппараты 70х100 көлемде (төрт түрлі-түсті)

«Гейдельберг» офсеттік басу аппараты 46х64 көлемде

Басылымнан кейінгі жұмыстар;

Бүктеу аппараты «STAHL»

Кесу аппараты «POLAR»

Клей аппараты «GRAPHICS»

Қатты мұқаба жасау аппарты «KOLBUS»

Катушкалы сыммен тігу аппарты «AGRAFIX»

Жіппен тігу аппараты «VEB LEIPRIGER»

Тесу аппараты «CITOBORMA 270B»

Сонымен қатар, баннер басуға арналған «PLOTTER» аппараты ені 3 м көлемді басады.

Біздің мүмкіндік Шымкенттегі баспаханадан кем түспейді. Ескі болса да аппараттарымыз басшымыздың арқасында жүріп тұр. Өмір әрі басшы, әрі механигіміз.

– **Аппараттарыңыз бөлменің төбесіне тиіп тұр ғой.**

– Оқу орнымызда студенттердің саны жылдан-жылға артып келеді. Соған байланысты ғимараттың жетіспеушілігінен осы жер бұйырды деп ойлаймын. Әрине мүмкіндік болса бөлменің төбесі аппараттардан 2 метр биіктіктe болуы керек. Жұмыс барысында бояулар, оларға қосатын түрлі химикаттар қолданылатындықтан бөлмелер желдеткішпен жабдықталған.

Қазіргі заманды баспаханасыз елестете алмайсыз. Көшелердің бойында жарнамалар түрлі әдемі жазулар мен суреттердің көптігін ескерсек типография адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Баспахана өнімдеріне сұраныс жоғарылаған. Әрбір кітаптың, мақаланың авторы бар болса, баспаханадан шығарылып жатқан әрбір өнімде қаншама баспа ісінің мамандарының қолтаңбасы мен еңбегі бар. Баспахана – бұл техникалық құралдарды, графикалық кескіндерді және мәтіндік материалды бірнеше мәрте өндіруді қамтитын өндіріс саласы.















**Дайындаған:**
**Эльмира АРТЫҚБАЕВА,**
**Фотоны түсірген:**
**Елнұр СЕРДӘЛІ**



**Айжан ТОБАҒАБЫЛОВА, аға оқытушы:**

# «МАҚСАТЫМ – ТҮРКІСТАНДЫ ТАНЫТУ»

**«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп бекер айтпаған. Міне, Айжан да – өзге тілді жетік меңгерген ұстаз. Өнері мен білімін былай қойғанда, жас студенттерге вокалдың және хордың қыр-сырын үйретіп жүрген оқытушы. Бір бойына жеті өнерді серік етіп жүргендердің қатарынан деп айтсақ артық болмас. Сонымен, Хор дирижері деген кім? Бұл мамандық несімен қызық? Қиындығы неде? Қандай оқу орнын бітіріп хор дирижері атануға болады және де өзге сұрақтар төңірегінде Айжан Тобағабыловамен сұхбаттасқан едік.**

**– Қолыңызды жайлап қана сермеп, бүкіл хорды өзіне бағындырған дирижердің өнеріне тәнті болмасқа шара жоқ. Сіз бұл мамандыққа қалай келдіңіз?**

– Шыны керек, бала кезімнен өнерге биімім болды. Отбасында үш ағайындымыз. Сол үшеуімізде Саз мектепте білім алдық. Өзімше, фортепианода ойнағанды жақсы көретінмін. Сөйтіп, жалпы білім беру мектебінде білім алумен қатар, Саз мектепте «Фортепиано» бөлімінде оқыдым. Саз мектепті бітірген соң, Шымкент қаласындағы Музыкалық училищеге құжат тапсырдым. Ондағы ойым – Фортепиано бөлімінде оқу еді. Бірақ өкінішке қарай, ол бөлімге түсуге мүмкіндік болмады. Енді не істеймін деп тұрғанымда құжат жинап тұрған апай: «Бізде Хор дирижерлеу мамандығы бар. Мүмкін, осы мамандыққа құжаттарыңды тапсырып көрерсің. Мүмкін бір жыл оқып, қайта фортепиано мамандығына ауысарсың» деді. Содан құжаттарымды Хор дирижері мамандығына ауыстырдым. Мұнда 200 студент құжат тапсырған, солардың арасынан 14 студент қана осы мамандықта оқу мүмкіндігіне ие болады екен. Емтиханға келсем әрбір студенттің қолында бірнеше папка бар. Ал менің қолымда түк жоқ. Содан жан-жағымдағыларға қарап, аң-таң болдым. Бірінші емтиханда есту қабілетімді тексеріп, ән айтқызды. Сол кезде соғыс туралы сөзін жазған: Сурков В., әнін жазған: Листов К. «В землянке» атты әнді орындадым. Ұстаздардың көбі орындаушылық шеберлігіме тәнті болды. Сөйтсем олар алғашқы емтиханнан мені ұнатып қалған екен. Сөйтіп, оқуға құжатымды тапсырып, түсіп кеттім. Бұл мамандық өзіме қатты ұнады. Колледжді үздік бітіріп, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі «Өнер» факультетіне «Музыкалық білім» мамандығына түстім.

**– Білуімізше, Саз мектепте ұстаздық еттіңіз. Университет қабырғасына қалай тап болдыңыз?**

– Училищені бітірген соң, Түркістан қаласындағы «Әлия» балабақшасына Музыка қызметкері болып орналасып, 1995 жылы Саз мектебіне «Фортепиано» бөліміне мұғалім болып қабылдандым. Сөйтіп, 2005 жылы кафедра меңгерушінің шақыруымен «Музыкалық білім» кафедрасына оқытушы қызметіне қабылдандым. Бүгінгі таңда «Дәстүрлі музыка өнері», «Музыкалық білім», «Вокалдық өнер»-ден сабақ беремін.

**– Дирижердің «қаруы» – таяқ. Ал Хор дирижері барлық дауысты қалай бағындырады?**

– Ол рас, бұл таяқшаның оркестрде сиқыры және өзіндік орны бар. Бірақ көбіне-көп Хор дирижерлері таяқша қолданбайды. Себебі, хорға жақын тұрғандықтан, қолын жайлап қана сермеп, ұжымды басқара беруге болады. Сондай-ақ хордағы орындаушылар баспалдаққа шығып тұрады. Бірақ кейде шәкірттерім қолымды жайлап қана сермегеніме көнбей қалады. Ол кезде дұрыс ән айтуды және тек маған көзіме, қолыма қарауын, күлімдеуін, аузын ашуын дайындаймын. Жан-жағында қандай жағдай болып жатса да, көздерің менің қолымда және көзімде болсын деп айтамын. Енді Хор ұжымын басқару өте қиын.

**– Сонда бұл мамандықтың қиындығы неде?**

– Әрине, әр мамандықтың өз қиындығы бар. Алғашында мамандық таңдаудан қателестім жыл. Хорды сахнаға алып шыққан сәтімде, егер хор өзімнің көңілімнен шықса, онда 100 пайыз өзіме сенім артып, халыққа ұнайтынына еш уайымдамаймын. Ал кейде сахнаға хорды алып шыққанымда, көңілім тола қоймайтын тұстар бар.Сол кезде қай жерінен қателестім деген ой мазалайды. Егер әуен жүректен шықса, жүрекке жетеді. Сол себептен, жүректен шығаруға қолымнан келгенше аянбай



еңбек етемін. Негізі телеарналардан хор әншілерінің концерттері немесе байқауларын көруге асығамын. Егер 3-4-дауыстағы орындаушылықты, үйлесімділікті естісем, рақаттанамын. Мен де 3-4-дауыстағы әуендерді іздестіре бастаймын. Бірақ, өкінішке қарай, қазіргі жаңа әндердің көбі бір дауысты. Солардың өзін 4 дауысқа бөліп, келесі жолы Хор класын дайындағанда 4 дауыста шығаруға тырысамын.

